

Абай аудандық мәслихатының 2023 жылғы 26 желтоқсандағы № 15/147 "Абай ауданының Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидаларын бекіту туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Қарағанды облысы Абай аудандық мәслихатының 2025 жылғы 14 наурыздағы № 31/298 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2025 жылғы 18 наурызда № 6736-09 болып тіркелді

Абай аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Абай аудандық мәслихатының 2023 жылғы 26 желтоқсандағы № 15/147 "Абай ауданының Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидаларын бекіту туралы" шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6539-09 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешімнің 1-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім оның алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Абай аудандық мәслихатының төрағасы

Д. Сакенов

Абай аудандық мәслихатының

2025 жылғы 14 наурыздағы

№ 31/298

шешіміне қосымша

Абай аудандық мәслихатының

2023 жылғы 26 желтоқсандағы

№ 15/147

шешіміне 1 қосымша

Абай ауданының Әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерін белгілеу және мұқтаж азаматтарының жекелеген санаттарының тізбесін айқындау Қағидалары

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидалары (бұдан әрі – қағидалар) Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 523 "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың ұлгілік қағидаларын бекіту туралы"

қаулысына (бұдан әрі – Үлгілік қағидалары) сәйкес өзірленді және әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың тәртібін белгілейді.

2. Осы Қағидаларда қолданылатын негізгі терминдер мен ұғымдар:

1) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" (бұдан әрі – мемлекеттік корпорация) – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету, мемлекеттік қызметтер көрсетуге өтініштерді қабылдау және олардың нәтижелерін көрсетілетін қызметті алушыға беру жөніндегі жұмысты "бір терезе" қағидаты бойынша ұйымдастыру, мемлекеттік қызметтерді электрондық нысанда көрсетуді қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған занды тұлға;

2) арнайы комиссия – мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек алуға үміткер адамның (отбасының) өтінішін қарау бойынша республикалық маңызы бар қала, астана, аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің шешімімен құрылатын комиссия;

3) әлеуметтік көмек – жергілікті атқарушы орган мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына (бұдан әрі – алушылар), сондай-ақ атаулы құндер мен мереке құндеріне орай ақшалай немесе заттай нысанда көрсететін көмек;

4) әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі уәкілетті орган – республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданының, облыстық маңызы бар қаланың, қаладағы ауданының, аудандық маңызы бар қаланың әлеуметтік көмек көрсетуді жүзеге асыратын жергілікті атқарушы органды;

5) әлеуметтік көмек төлеу жөніндегі уәкілетті ұйым – екінші деңгейдегі банктер, банк операцияларының тиісті түрлеріне қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның лицензиясы бар ұйымдар, "Қазпошта" акционерлік қоғамының аумақтық бөлімшелері;

6) ең төмен құнкөріс деңгейі – шамасы бойынша ең төмен тұтыну себетінің құнына тең, бір адамға шаққандағы ең төмен ақшалай кіріс;

7) жан басына шаққандағы орташа кіріс – отбасының бір айдағы жиынтық кірісінің отбасының әрбір мүшесіне тура келетін үлесі;

8) мереке құндері – Қазақстан Республикасының ұлттық және мемлекеттік мереке құндері;

9) мерекелік құндер (бұдан әрі – атаулы құндер) – Қазақстан Республикасының кәсіптік және өзге де мерекелері;

10) уәкілетті мемлекеттік орган – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес халықты әлеуметтік қорғау саласындағы басшылықты және салааралық үйлестіруді, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының қызметін реттеуді, бақылау функцияларын жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

11) участекілік комиссия – атаулы әлеуметтік көмек алуға өтініш жасаған тұлғалардың (отбасылардың) материалдық жағдайын зерттеп-қарау үшін тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктер әкімдерінің шешімімен құрылатын арнаулы комиссия;

12) шекті мөлшер – әлеуметтік көмектің бекітілген ең жоғары мөлшері;

13) цифрлық құжаттар сервисі – "электрондық үкімет" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторға бекітіп берілген және ақпараттандыру обьектілерінен алынған мәліметтер негізінде қалыптастырылған электрондық түрдегі құжаттарды көрсетуге және пайдалануға арналған обьектісі;

14) "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал) – нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, барлық шоғырландырылған үкіметтік ақпаратқа және электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік және өзге де қызметтерге қол жеткізудің "ортақ терезесі" дегенді білдіретін ақпараттандыру обьектісі;

15) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦҚ) – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың анықтығын, оның тиесілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық нышандар жиынтығы.

3. Әлеуметтік кодекстің 71-бабының 4-тармағында, 170-бабының 3-тармағында, 229 -бабының 3-тармағында, "Ардагерлер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 1-тармағының 2) тармақшасында, 11-бабының 1-тармағының 2) тармақшасында, 12-бабының 1-тармағының 2) тармақшасында, 13-бабының 2) тармақшасында, 17-бабында көрсетілген тұлғаларға әлеуметтік көмек осы Үлгілік қағидаларда көзделген тәртіппен көрсетіледі.

4. Әлеуметтік көмек бір рет және (немесе) мезгіл-мезгіл (ай сайын, тоқсан сайын, жартыжылдықта 1 рет, жылына 1 рет) көрсетіледі.

5. Әлеуметтік көмек көрсету үшін мереке күндері мен атаулы күндердің тізбесі:

- 1) 8 наурыз - Халықаралық әйелдер күні;
- 2) 15 ақпан - Кеңес әскерлерінің шектеулі контингентін Ауғанстан Демократиялық Республикасынан шығару күні;
- 3) 9 мамыр Жеңіс күні;
- 4) 31 мамыр - Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні;
- 5) 1 қазан - Қарттар күні;
- 6) қазанның екінші жексенбісі - Қазақстан Республикасының Мүгедектер күні;
- 7) 25 қазан - Республика күні;
- 8) 16 желтоқсан – Тәуелсіздік күні.

6. Участекілік және арнайы комиссиялар өз қызметін облыстық (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдар бекітетін ережелер негізінде жүзеге асырады.

2-тарау. Әлеуметтік көмек алушылар санаттарының тізбесін айқындау және әлеуметтік көмектің мөлшерлерін белгілеу тәртібі

7. Мерекелік күндерге әлеуметтік көмек азаматтардың келесі санаттарына ақшалай төлемдер түрінде бір рет көрсетіледі:

1) 8 наурыз - Халықаралық әйелдер күні:

адамның иммун тапшылығы вирусы бар адамдарға – 5000 (бес мың) теңге мөлшерінде;

2) 15 ақпан - Кеңес әскерлерінің шектеулі контингентін Ауғанстан Демократиялық Республикасынан шыгару күні:

бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы үкіметтік органдарының шешімдеріне сәйкес басқа мемлекеттердің аумағында жауынгерлік іс - қымылдарына қатысқан Кеңес Армиясының, Әскери-тензіз флотының, Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің әскери қызметшілеріне, бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы (бұдан әрі - Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы) ішкі істер министрлігінің басшы және қатардағы құрамының адамдарына (әскери мамандар мен кеңесшілерді қоса алғанда) - 200 000 (екі жүз мың) теңге мөлшерінде;

оку-жаттығу жиындарына шақырылған және жауынгерлік іс - қымылдарын жүргізу кезеңінде Ауғанстанға жіберілген әскери міндеттілерге - 200 000 (екі жүз мың) теңге мөлшерінде;

жауынгерлік іс-қымылдарды жүргізу кезеңінде осы елге жүктеді жеткізу үшін Ауғанстанға жіберілген автомобиль батальондарының әскери қызметшілеріне - 200 000 (екі жүз мың) теңге мөлшерінде;

бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының аумағынан Ауғанстанға жауынгерлік тапсырмаларға ұшқан ұшу құрамының әскери қызметшілеріне - 200 000 (екі жүз мың) теңге мөлшерінде;

Ауғанстанда кеңес әскери контингентіне қызмет көрсеткен, жарапланған, контузия алған немесе мертіккен не бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталған жұмысшылар мен қызметшілерге жауынгерлік іс - қымылдарды қамтамасыз етуге қатысқаны үшін - 200 000 (екі жүз мың) теңге мөлшерінде;

3) Жеңіс күні – 9 мамыр:

Ұлы Отан соғысына қатысушыларға, атап айтқанда Ұлы Отан соғысы кезеңінде, сондай-ақ бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағын қорғау жөніндегі басқа да жауынгерлік операциялар кезінде майдандағы армия мен флоттың құрамына кірген бөлімдерде, штабтар мен мекемелерде қызмет атқарған әскери қызметшілерге 1 000 000 (бір миллион) теңге мөлшерінде;

Ұлы Отан соғысы кезеңінде жараплануы, контузия алуды, мертігуі немесе ауруға шалдығуы салдарынан болған мүгедектігі бар адамдарға, атап айтқанда, Ұлы Отан

соғысы кезеңінде майданда, ұрыс қимылдары ауданында, майдан маңындағы теміржол участкелерінде, қорғаныс шептерінің, әскери-теңіз базалары мен әуеайлақтардың құрылыш жайларында жарапануы, контузия алуды, мертігіүі немесе ауруға шалдығуы салдарынан мүгедектік белгіленген майдандағы армия мен флоттың әскери қызметшілері, Ұлы Отан соғысының партизандары мен астыртын әрекет етушілері, сондай-ақ жұмысшылар мен қызметшілер 1 000 000 (бір миллион) теңге мөлшерінде;

Ұлы Отан соғысы кезеңінде жарапануы, контузия алуды, мертігіүі немесе ауруға шалдығуы салдарынан қайтыс болған мүгедектігі бар адамның немесе женілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысы кезеңінде жарапануы, контузия алуды, мертігіүі немесе ауруға шалдығуы салдарынан болған мүгедектігі бар адамдарға теңестірілген қайтыс болған адамның екінші рет некеге тұрмаған зайыбы (жұбайы), сондай-ақ жалпы ауруға шалдығуы, жұмыста мертігіүі және басқа да себептер (құқыққа қарсы келетіндерді қоспағанда) салдарынан болған мүгедектігі бар адам деп танылған, қайтыс болған Ұлы Отан соғысы қатысушысының, партизанның, астыртын әрекет етушінің, "Ленинградты қорғағаны үшін" медалімен немесе "Қоршаудағы Ленинград тұрғыны" белгісімен наградталған азаматтың екінші рет некеге тұрмаған зайыбы (жұбайы) 50 000 (елу мың) теңге мөлшерінде;

Қоршаудағы кезеңінде Ленинград қаласының кәсіпорындарында, мекемелері мен ұйымдарында жұмыс істеген және "Ленинградты қорғағаны үшін" медалімен немесе "Қоршаудағы Ленинград тұрғыны" белгісімен наградталған азаматтарға 200 000 (екі жұмың) теңге мөлшерінде;

Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде фашистер мен олардың одақтастары құрган концлагерлердің, геттолардың және басқа да еріксіз ұсташа орындарының кәмелетке толмаған тұтқындарына 200 000 (екі жұмың) теңге мөлшерінде;

Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталған адамдарға 100 000 (жұмың) теңге мөлшерінде;

1941 жылғы 22 маусым - 1945 жылғы 9 мамыр аралығында кемінде алты ай жұмыс істеген (қызмет атқарған) және Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталмаған адамдарға 100 000 (жұмың) теңге мөлшерінде;

1992 жылғы қыркүйектен 2001 жылғы ақпанға дейінгі кезеңде тәжік-ауған участкесінде Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының шекарасын күзетуді күшету жөніндегі мемлекетаралық шарттар мен келісімдерге сәйкес міндеттерді орындаған Қазақстан Республикасының әскери қызметшілеріне 200 000 (екі жұмың) теңге мөлшерінде;

1986 - 1991 жылдар кезеңінде Таулы Қарабактағы этносаралық жанжалды реттеуге қатысқан әскери қызметшілерге, сондай-ақ бұрынғы Кеңестік Социалистік

Республикалар Одағының ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік органдарының басшы және қатардағы құрамының адамдарына 200 000 (екі жүз мың) теңге мөлшерінде;

1986 - 1987 жылдары Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың, азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апартар мен авариялардың зардаптарын жоюға қатысқан, сондай-ақ ядролық сынақтарға тікелей қатысқан адамдарға 200 000 (екі жүз мың) теңге мөлшерінде;

Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың және азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апартар мен авариялардың зардаптарын жою кезінде қаза тапқан адамдардың отбасыларына 100 000 (жүз мың) теңге мөлшерінде;

4) 31 мамыр - Саяси құғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні:

жетім балаларға -10 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға – 10 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

5) Қарттар күні - 1 қазан:

75 жасқа толған және одан асқан зейнеткерлерге – 20 000 (жиырма мың) теңге мөлшерінде;

6) казанның екінші жексенбісі - Қазақстан Республикасының Мүгедектер күні:

1, 2, 3 топтағы мүгедектігі бар адамдарға – 20 000 (жиырма мың) теңге мөлшерінде;

18 жасқа дейінгі барлық топтағы мүгедек балаларға – 20 000 (жиырма мың) теңге мөлшерінде;

7) Республика күні - 25 қазан:

Абай ауданының мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және оқитын төрт және одан да көп бірге тұратын кәмелетке толмаған балалары бар көп балалы отбасыларға, білім беру бөлімінің тізімдеріне сәйкес әрбір балаға ата - ана жарналарына арналған шығындарды өтеуге атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасыларды қоспағанда -10 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

8) 16 желтоқсан – Тәуелсіздік күні:

1986 жылғы 17 - 18 желтоқсандағы Қазақстандағы оқиғаларға қатысқан адамдарға, осы оқиғаларда қасақана кісі өлтіргені және милиция қызметкерінің, халықтық жасақтың өміріне қол сұғышылық жасағаны үшін сотталған, оларға қатысты қылмыстық істерді қайта қараудың қолданыстағы тәртібі сақталатын адамдарды қоспағанда – 400 000 (төрт жүз мың) теңге мөлшерінде.

Мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттары үшін әлеуметтік көмек алуға өтініш берудің шектері мен мерзімдері:

1) бас бостандығынан айыру орындарынан босатылғандар өтініш бойынша растайтын құжаттың негізінде, бірақ босатылған күннен бастап үш айдан кешіктірмей-біржолғы, 10 (он) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

2) растайтын құжат негізінде Абай ауданының пробация қызметінің есебінде тұрған, бірақ сот үкімі заңды қүшіне енген күннен бастап үш айдан кешіктірмей-біржолғы, 10 (он) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

3) табиғи зілзаланың немесе өрттің салдарынан азamatқа (отбасына) не оның мүлкіне бір мезгілде 100 (жұз) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде залал келтіру, 6 (алты) ай ішінде әлеуметтік көмекке жүгіну кезеңі;

4) әлеуметтік маңызы бар аурудың болуы:

амбулаториялық емдеу кезеңіне туберкулез ай сайын 2 (екі) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

балалардағы адамның иммун тапшылығы вирусының ата-аналарына немесе диспансерлік есепте тұрған балалардың өзге де заңды өкілдеріне ай сайын 2 (екі) ең төменгі күнкөріс деңгейі мөлшерінде төленеді;

операциядан кейінгі кезеңдегі адамдарға бір мезгілде - 10 (он) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде онкологиялық ауру, 1 (бір) жыл ішінде әлеуметтік көмекке жүгіну кезеңі;

5) бірінші топтағы мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қызметтер порталы арқылы таңдаған санаторий-курорттық емделуге алып жүретін адамдар растайтын құжаттарды қоса бере отырып, санаторий-курорттық емделуде нақты болғаны үшін құнын өтеу ретінде ұсынылатын кепілдік берілген соманың 70 (жетпіс) пайызы мөлшеріндегі кірісті есепке алмағанда бір мезгілде: санаторийден анықтама, шот тектика, төлем туралы чек. Ілесіп жүрушінің жол жүру шығыстарын төлеу ілесіп жүрушінің қаражаты есебінен жүзеге асырылады;

6) ардагерлерге санаторлық-курорттық емдеуге жұмсалған шығындарды өтеуге арналған табысты есепке алмағанда, жылына 1 рет 14 күннен аспайтын, бірақ растайтын құжаттар (орындалған жұмыстар актісі, шот-фактура және фискалдық төлем чегі) негізінде мүгедектігі бар адамдар үшін белгіленген санаторлық-курорттық емдеудің кепілдік берілген сомасынан аспайтын әлеуметтік көмек көрсетуге міндетті. Жеке абилитация бағдарламасы әзірленген мүгедектігі бар ардагерлерге санаторий-курорттық емделуге әлеуметтік көмек;

7) қатты отын сатып алуға әлеуметтік көмек халықтың әлеуметтік осал топтарына көрсетіледі (бұдан әрі – "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 68-бабында көрсетілген (әлеуметтік қолдау алушыларды және мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария ұйымдарының Абай ауданының ауылдық елді мекендерінде тұратын және жұмыс істейтін мамандарына Коммуналдық қызметтерге ақы төлеу және отын сатып алу жөніндегі мөлшерді белгілеуді қоспағанда) оның меншік иелері (жалдаушылары) не меншік иесінің (жалдаушының) отбасы мүшелері болып табылатын жергілікті (пешпен)жылдытуы бар үйлерде, оларда және отбасы мүшелерінде басқа тұрғын үй болмаған және республика бойынша есептелген бір күнкөріс деңгейінен аспайтын жан

басына шаққандағы орташа табыс болған кезде. Өтемақы жылдыту маусымына бір мезгілде 16 АЕК мөлшерінде жүргізіледі.

Бір жеке тұрғын үйде қатты отын сатып алуға әлеуметтік көмек алуға құқығы бар бірнеше адам тұрған жағдайда өтемақы олардың біреуіне ғана төленеді.

8. Азаматтарды мұқтаждар санатына жатқызу үшін мыналар негіз болады:

- 1) дүлей апат салдарынан азаматқа (отбасына) не оның мүлкіне зиян келуі;
- 2) өрт салдарынан азаматқа (отбасына) не оның мүлкіне зиян келуі;
- 3) әлеуметтік маңызы бар аурудың болуы;

4) жергілікті өкілді органдар ең төмен құнкөріс деңгейіне еселік қатынаста белгілеген шектен аспайтын жан басына шаққандағы орташа табыстың болуы;

5) жетімдік, ата-ана қамқорлығының болмауы;

6) жасының егде тартуына байланысты өзіне-өзі күтім жасай алмауы;

7) бас бостандығынан айыру орындарынан босатылуы, пробация қызметінің есебінде болуы.

Дүлей апат немесе өрт салдарынан мүлкіне залал келген болса, әлеуметтік көмек залал келген мүлік орналасқан жер бойынша меншік иесінің тіркелген жеріне қарамастан көрсетіледі.

Әлеуметтік көмек көрсету және (немесе) адамның (отбасының) материалдық-тұрмыстық жағдайын зерттеп-қараша үшін жоғарыда көрсетілген негіздер бойынша көмек түрлерінің тізбесін жергілікті өкілді органдар бекітеді.

Арнайы комиссиялар әлеуметтік көмек көрсету қажеттігі туралы қорытынды шығарған кезде жергілікті өкілді органдар бекіткен азаматтарды мұқтаждар санатына жатқызу негіздерінің тізбесін басшылыққа алады.

9. Эрбір жекелеген жағдайда көрсетілетін әлеуметтік көмек мөлшерін арнайы комиссия айқындайды, ол оны әлеуметтік көмек көрсету қажеттігі туралы қорытындыда көрсетеді.

3-тапау. Әлеуметтік көмек көрсету тәртібі

10. Мереке күндері мен атаулы күндерге орай әлеуметтік көмек алушылардың өтініштері талап етілмей көрсетіледі.

Әлеуметтік көмекті алушылардың санаттарын жергілікті атқарушы органдар айқындайды.

Әлеуметтік көмекті алушылардың тізімдері мемлекеттік корпорацияға не өзге үйымдарға сұрау салу негізінде не уәкілдегі мемлекеттік органның ақпараттық жүйелерінен электрондық турде қалыптастырылады.

11. Әлеуметтік көмек Үлгілік қағидалардың 12 – 20 тармақтарына сәйкес тәртіппен және мерзімдерде көрсетіледі.

12. Мынадай:

- 1) өтініш беруші ұсынған мәліметтердің дәйексіздігі анықталған;

2) адамның (отбасының) материалдық жағдайына тексеру жүргізуден өтініш беруші бас тартқан, жалтарған;

3) адамның (отбасының) жан басына шаққандағы орташа табысы әлеуметтік көмек көрсету үшін жергілікті өкілді органдар белгілеген шектен артық болған;

4) уәкілетті мемлекеттік органның ақпараттық жүйесінен әлеуметтік көмек тағайындау, осы негіз бойынша төлемді жүзеге асыруға өтініш беру фактісін растайтын мәліметтер алынған жағдайларда әлеуметтік көмек көрсетуден бас тартылады.

13. Әлеуметтік көмек көрсетуге жұмысалатын шығыстарды қаржыландыру республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінде көзделген, ағымдағы қаржы жылына арналған қаражат шегінде жүзеге асырылады.

Әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі уәкілетті орган мемлекеттік корпорацияға әлеуметтік көмек көрсету сомаларын аударады.

Мемлекеттік корпорация әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі уәкілетті органнан алынған әлеуметтік көмек сомаларын әлеуметтік көмек алушылардың банктік шоттарына аударады.

14. Мынадай:

1) алушы қайтыс болған;

2) алушы тұрақты тұру үшін тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктен тыс кеткен;

3) алушы мемлекеттік медициналық-әлеуметтік мекемелерге тұруға жіберілген;

4) өтініш беруші ұсынған мәліметтердің дәйексіздігі анықталған;

5) әлеуметтік көмек көрсетуге негіз болмай қалғаны туралы мәліметтер анықталған жағдайларда әлеуметтік көмек көрсету тоқтатылады.

Осы тармақтың 3) тармақшасы осы Қагидалардың 8-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген негіздер бойынша тағайындалған әлеуметтік көмекті төлеуге қолданылмайды.

Осы тармақтың 1)-3) тармақшаларында көрсетілген негіздер бойынша әлеуметтік көмек төлеу көрсетілген мән-жайлар басталғаннан кейінгі айдан бастап тоқтатылады.

Осы тармақтың 4) және 5) тармақшаларында көрсетілген негіздер бойынша әлеуметтік көмекті төлеу көрсетілген мән-жайлар басталған күннен бастап тоқтатылады.

15. Әлеуметтік көмектің артық төленген сомалары ерікті түрде қайтарылады, заңсыз алынған сомалар ерікті түрде немесе сот тәртібімен қайтарылуға тиіс.

16. Әлеуметтік көмек көрсетуді мониторингтеу мен есепке алушы әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі уәкілетті орган "Е-собес" автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің дереккөрын пайдалана отырып жүргізеді.

17. Атаулы күндер мен мереке күндеріне төленетін әлеуметтік көмек алушылардың санаттарын қалыптастыру үшін әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі уәкілетті орган

зейнетақы мен жәрдемақы алатын белсенді азаматтардың мәліметтерін алуға уәкілетті мемлекеттік органның ақпараттық жүйелеріне сұрау салуға бастама жасайды.

Зейнетақы мен әлеуметтік көмек көрсету жәрдемақысын алушылар жөніндегі мәліметтер осы Ұлгілік қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қалыптастырылады.

18. Әлеуметтік көмек көрсету туралы шешім қабылдаған кезде уәкілетті мемлекеттік органның ақпараттық жүйелері арқылы әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі уәкілетті орган әлеуметтік көмекті мемлекеттік корпорация арқылы төлеу процесіне бастама жасайды.

19. Әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі уәкілетті орган қабылдаған әлеуметтік көмек көрсету туралы шешім негізінде мемлекеттік корпорация:

біржолғы төлемдер бойынша – күн сайын;

ай сайынғы және тоқсан сайынғы төлемдер бойынша – төлем жасалатын айға дейінгі айдың 29-ы күніне әлеуметтік көмек төлеуге бюджет қаржатына сұраныс қалыптастырады.

20. Сұраныс қалыптастырылғаннан кейін мемлекеттік корпорация келесі жұмыс күнінен кешіктірмей әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі уәкілетті органға әлеуметтік көмек төлеуге сұраныс сомасы туралы өтінім жібереді.

Әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі уәкілетті орган әлеуметтік көмек төлеуге сұраныс сомасы туралы өтінім түскен күннен бастап 2 жұмыс күні ішінде мемлекеттік корпорацияға әлеуметтік көмек төлеуге сұраныс сомасы туралы өтінімде көзделген сома шегінде ақшалай қаражат аударады.

Әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі уәкілетті орган төлем жасалатын айға дейінгі айдың 27-сі күнінен кейін түскен өтінімдер бойынша мемлекеттік корпорацияға төлем жасалатын айдың 1-іне дейін әлеуметтік көмек төлеуге сұраныс сомасы туралы өтінімде көзделген сома шегінде ақшалай қаражат аударады.

21. Мемлекеттік корпорация трансфертер түскеннен кейін екі жұмыс күні ішінде төлем кестесіне сәйкес төлем тапсырмаларын қалыптастырады және алушылардың банктік шоттарына төлеуді жүзеге асырады.

22. Әлеуметтік көмек төлеу жөніндегі уәкілетті ұйымнан әлеуметтік көмек сомасы қайтарылған кезде әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі уәкілетті орган әлеуметтік көмек төлеу жөніндегі уәкілетті ұйымнан мәліметтер алғаннан кейінгі үш жұмыс күні ішінде ақпараттық жүйеге тиісті өзгерістер енгізеді.

23. Мемлекеттік корпорация ағымдағы айдың соңғы жұмыс күнінен кешіктірмей мемлекеттік корпорацияның шотына түскен әлеуметтік көмектің артық есептелген (төленген) сомаларын әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі уәкілетті органға аударады.

24. Әлеуметтік көмек төлеуге байланысты банктік қызметтерге ақы төлеу мемлекеттік корпорация мен әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі уәкілетті орган

арасында жасалатын шарт негізінде жергілікті бюджеттер қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК